

**Есіл ауданының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері қоғамдастығының
қазан айындағы отырысының
№1 хаттамасы**

01 қазан 2024 жыл

Қатысқаны: - 17

Қатыспағаны: 5

Күн тәртібінде:

1. Оқыту үдерісіндегі бағалудың рөлі (Баяндама. «Жаныспай НОМ» қазақ тілі мұғалімі Қайыржан Айнұр)
2. Оқу мен оқытудағы кедергілер және оларды шешу жолдары (коучинг. Айткулова А.Ш.)
3. 2024-2025 оқу жылындағы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің біліктілігін көтеру курстары мен педагогтердің біліктілік сапасы (семинар сабақтар өткізу)
4. МОДО тапсырмалары және оқушылармен дайындықтар жүргізу (Іс-тәжірибемен бөлісу. «Двуречный ЖОББМ» КММ мұғалімі Сейдина Ж.З.)
5. Аудандық пәндік олимпиадалар мен байқаулар

1. Бірінші сұрақ бойынша, «Жаныспай НОМ» қазақ тілі мұғалімі Қайыржан Айнұр «Оқыту үдерісіндегі бағалудың рөлі» тақырыбында баяндамасымен таныстырды. Қайыржан А. бағалау- оқу үдерісінің маңызды компоненті, оқушылардың жетістіктерін бағалау арқылы олардың білімі мен дағдыларын анықтауға, ары қарай оқу бағыттарын белгілеуге көмекеседі. Бағалаудың негізгі рөлі – оқушылардың жеке дамуына ықпал етіп, олардың оқу барысындағы әлсіз және күшті жақарын анықтауға, алға қойған мақсаттарға жетуі үшін қандай әрекеттер жасау қажеттігін түсіндіру. Оқу үдерісіндегі бағалау формативті және суммативті болып екіге бөлінеді. Формативті бағалау оқушылардың күнделікті оқу нәтижелерін бақылауға, кері байланыс беруге, алға ілгерілеу үшін нұсқау беруге бағытталған. Ол көбінесе күнделікті тапсырмалар, бақылау жұмыстары, сабаққа қатысу арқылы жүзеге асырылады. Суммативті бағалау болса, оқу тоқсанының немесе оқу жылының соңында білім мен дағдылардың қорытындысын шығарып, олардың жетістіктерін көрсету үшін жүргізілетінін атап айтты.

Қайыржан А. сөз соңында, қалыптастырушы бағалау оқу процесінің ажырамас бір бөлігі ретінде оқушылардың жан-жақты дамуына. Танымдық қызығушылығын арттыруға және олардың жеке әлеуетін іске асыруға көмектесетініне тоқталды.

Шешімі: Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында барлық мұғалімдер оқушылардың білімін бағалау барысында, бағалаудың түрлерін тиімді қолдансын.

2. Екінші сұрақ бойынша, «Оқу мен оқытудағы кедергілер және оларды шешу жолдары» тақырыбында «Двуречный ауылының ЖОББМ» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Ш.Айткулова ұстаздармен коучинг ұйымдастырды. Коучингтің мақсаты оқу мен оқытуда бөгет болатын факторларды анықтау, егізгі кедергілерді қарастыру және оларды жою жолдарын анықтау. Коучинг барысында мұғалімдер оқу мен оқытуда болатын кедергілерді айқындап, сол кедергілерге бағытталған қадамдар жасай білді, оны өз тәжірибелерінде қолануға болатынын ескерді.

Коучинг барысында фильм үзінділері бойынша тақырыпты ашып, фильм үзіндісі не туралы?, «Қиындық» сөзінің спортта кездесетін қандай синонимдері бар, оқу мен оқытудағы кедергілерді және оларды жою жолдарын анықтау, кедергілерді жоб бойынша нақты ұсыныстар белгіле, коучинг соңында рефлексия жасады.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері оқытуда бөгет болатын кедергі айқындап, оларды жою жолдары туралы ой бөлісті. Мұғалімдер мына сұрақтарды топта талқылап, жауап берді. «Балаларды оқытуда сіздерде қандай қиындықтар кездеседі?», «Оқуда балалар қандай кедергілерге тап болады?», «1. Білім сапасын арттыруда оқушылар тарапынан қандай кедергілер кездеседі? 2. Ата-аналар тарапынан кездесетін кедергілер қандай? 3. Мұғалімдер тарапынан қандай кедергілер орын алады?». Әр топ кедергілерді жеңудің мүмкін жолдарын талқылап, мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар үшін нақты ұсыныстар берді. Коучингтен алған әсерлері бойынша мұғалімдер рефлексиялық парақты толтырып, кері байланыс жасады.

Шешімі: Оқушының талпынысы – оқу процесінің өнімділігіне ең үлкен әсер ететін фактор. Мұғалімдер оң талпынысты қалыптастыра отырып, танымдық процестің сапалық көрсеткішін жақсартуға жұмыстар атқарсын.

3. Үшінші сұрақ бойынша, 2024-2025 оқу жылындағы қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің біліктілігін көтеру курстары мен педагогтердің біліктілік сапасы (семинар сабақтар өткізу) жөнінде пән мұғалімдері сөз алды. Биылғы оқу жылында біліктілік санатын көтергісі келетін ұстаздар ағымдағы жылда біліктілік тестін тапсырып, екінші кезеңінде іс-тәжірибелерін жинақтап, портфолио жинақтайды.

Педагогтердің кәсіби қызметі үнемі жаңаруды және шеберлікті жетілдіруді, тәжірибені дамытуды, құзыреттілік деңгейін арттыруды талап етеді. Бұл мәселені шешудің маңызды құралдарының бірі – педагогтерді аттестаттау.

Аттестаттаудың мақсаты: педагогтердің біліктілік деңгейінің біліктілік санаттарына қойылатын талаптарға сәйкестігін белгілеу немесе педагогтердің кәсіби қызметін бағалау негізінде олардың атқаратын лауазымдарына сәйкестігін растау. Оқу-әдістемелік кеңес хаттамасынан үзінді («педагог-модератор» - білім беру ұйымының әдістемелік кеңесі, «педагог-сарапшы» - аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесі, «педагог-зерттеуші» - білім басқармасы жанындағы оқу-әдістемелік кеңес, тиісті саладағы уәкілетті органның білім беру ұйымдары үшін республикалық оқу-әдістемелік бірлестік, «педагог-шебер» - Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ҮІ. Алтынсарин атындағы ҰБА жанындағы республикалық оқу-әдістемелік кеңес).

ШЕШІМІ: Барлық құжаттың көшірмесі білім беру ұйымы басшысының мөрімен және қолымен расталуы тиіс.

4. Төртінші сұрақ бойынша, «Двуречный ЖОББМ» КММ қазақ тілі мұғалімі Ж.З.Сейдина МОДО тапсырмалары және оқушылармен дайындықтар жүргізу туралы ақпаратпен таныстырды. Ол білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Білім туралы Заңының 55-бабының 4-тармағына сәйкес (2021 жылғы 8 қаңтардағы өзгерістермен және толықтырулармен) орта білім берудің оқу жетістіктерін сыртқы бағалау бастауыш және негізгі орта білім алушылардың білім беру жетістіктерінің мониторингіне (бұдан әрі – ЖБББ) өзгертілді. Бастауыш және негізгі орта білім беру ұйымдарында МОДО білім беру ұйымдарынан тәуелсіз оқыту сапасын жүйелі бақылау болып табылады, білім алушылардың білім сапасын бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкестігін бағалау мақсатында жүзеге асырылады. 9-сыныптардағы МОДО функционалдық сауаттылықтың үш бағыты бойынша оқыту тілінде акт қолдана отырып кешенді тестілеу түрінде өткізіледі: оқу сауаттылығы (орыс, қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәтіндер), математикалық сауаттылық, жаратылыстану сауаттылығы. 9-сынып оқушыларына арналған тест құрылымы: Оқу сауаттылығы (қазақ тілі, Орыс тілі, ағылшын тілі) әр тіл

бойынша 10 тест тапсырмасы, барлығы 30 тест тапсырмасы; математикалық сауаттылық – 13 тест тапсырмасы; Жаратылыстану сауаттылығы (физика, химия, биология, география) әр пән бойынша 8 тест тапсырмасы, барлығы 32 тест тапсырмасы. Тест тапсырмаларының нысаны: бір дұрыс жауапты таңдаумен. Тестті орындау уақыты-150 минут (2 сағат 30 минут). Максималды балл-75.


Шешімі: Пән мұғалімдері қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша білім алушылардың білім сапасын арттыруда жүйелі жұмыстар күшейтсін

5.Бесінші сұрақ бойынша, аудандық пәндік олимпиадалар мен байқаулар туралы қоғамдастық жетекшісі мен мұғалімдер сөз алды. Биылғы оқу жылында қазақ тілі мен әдебиеті орыс сыныптары бойынша аудандық пәндік олимпиадалар әдеттегідей қаңтар айыда өткізіледі. Сондай-ақ аудандық Абай, Мұқағали, Мағжан, Махамбет оқулары да аудандық әдістемелік кабинеті бекіткен жоспарға сай кезең-кезеңмен өткізіледі. Тағы басқа да пән бойынша байқаулар мен олимпиадалар №514 бұйрық бойынша балық олимпиадалар мұғалімдерің біліктілігін арттыруда жарамды болып саналады.

Шешімі: Республикалық, облыстық, аудандық байқаулар мен олимпиадаларға қатысуға мұғалімдер тарапынан оқушылардың қызығушылығын арттырып, білімдерін дамытуға жұмыстар жүргізілсін

01.10.2024 жыл

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері
қоғамдастығының жетекшісі



Маханова Л.Т.